

Баяндама

«Экологиялық ойындардың бала тәрбиесіндегі орны»



Тәрбиеші: Оразова М.Н

2025-2026 жс

Экологиялық тәрбие – мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық дамуына ықпал ететін, табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған маңызды бағыттардың бірі. Осы тұрғыда экологиялық ойындар балалардың табиғат туралы түсінігін кеңейтіп қана қоймай, қоршаған ортаға жанашырлық сезімін қалыптастыратын тиімді әдіс болып табылады.

Экологиялық ойындардың негізгі пайдасы:

1. Танымдық қабілетті дамытады. Балалар табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы жаңа мағлұматтар алып, табиғаттың алуан түрін танып-біледі.
2. Экологиялық мәдениет қалыптастырады. Ойын барысында балалар табиғатты қорғаудың маңызын түсініп, дұрыс әрекет етуге дағдыланады.
3. Жауапкершілік сезімін арттырады. «Қоқысты сұрыптау», «Өсімдікті бапта» секілді ойындар арқылы балалар табиғатқа ұқыпты қарауды, заттарды ретімен қолдануды үйренеді.
4. Қиял мен ойлауды дамытады. Рөлдік, зерттеу элементтері бар ойындар балаларға себеп-салдар байланысын табуға, салыстыруға, ой қорытуға мүмкіндік береді.
5. Қарым-қатынас дағдыларын жақсартады. Командалық ойындар ұйымшылдыққа, бірлесе әрекет етуге, бір-біріне көмектесуге баулиды.
6. Табиғатпен эмоционалдық байланыс орнатады. Бала табиғаттың әсемдігін сезініп, оны қорғауға деген ішкі құлшынысы артады.

Жүргізілген жұмыс тәжірибесі:

Экологиялық тәрбие беру барысында балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға, табиғатқа қамқор болуға, мейірімділік танытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді.

- Қоқысты сұрыптау бойынша түсіндіру жұмыстары: Балаларға қалдық түрлері, оларды сұрыптаудың маңызы жөнінде мағлұмат беріліп, экологиялық әдеттер қалыптастыруға ықпал етілді.
- Ата-аналармен байланыс: Үй тапсырмасы ретінде «Қалдық заттарға екінші өмір сыйлау» жобасы ұсынылып, ата-аналар мен балалар бірлесе креативті бұйымдар жасауға тартылды.
- Жасанды интеллект негізіндегі тач-панельде ойын ұйымдастыру: Балалардың қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін, жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамытуға әсер етті.
- «Қақпақтар әлемі» ойыны: Балалардың шапшаңдығын, ұқыптылығын, түстер мен пішіндерді ажыратуын, қол моторикасын дамытты.
- «Мәреге жету» ойыны: Ептілікті, дәлдікті және шоғырлануды дамытатын қызықты тапсырма болды.

Қорытынды:

«Адал азамат» бағдарламасы аясында жүргізілген экологиялық ойындар балалардың табиғатқа деген жанашырлық сезімін қалыптастыруға, жауапкершілікке баулуға бағытталған тиімді құрал болып табылады. Мұндай ойындар болашақта қоршаған ортаға құрметпен қарайтын саналы азамат тәрбиелеуге негіз қалайды.



